

Дәріс 10

Тақырыбы:

**«Қазақ халқының
ділі».**

Жоспар:

1. Діл түсінігі.
2. Қазақ халқының өміріндегі дәстүрлер мен салттар.
3. Қазақ халқының толеранттылығы.
4. Қазақтардың басқа халықтармен өзара байланысы.

Менталитет немесе **діл** (лат. *menta* — *жан құрылымы*) - ойлаудың үлгісі, этностың, әлеуметтік топтың, индивидтің жалпы рухани мінез-құлқы. Сондай-ақ діл халықтың этникалық бірлігі мен оның басқа ұлттық құрылымдардан ерекшелігін тану болып табылады.

Діл мәдени бірегейленуімен және тұлғаның өзін-өзі белгілі бір мәдени ортада сезіну деңгейімен байланысты. Адам баласы тумасынан құндылықтар жүйесін (отбасылық, топтық, этностық, өркениеттік, т.б.), көбінесе, сол қалпында, дайын күйінде қабылдайды.

- Діл әртүрлі адамдардың дүниедегі заттар мен құбылыстарды біркелкі таңбалар мен рәміздер арқылы бейнелей алу қабілетімен ерекшеленеді. Осы біркелкілік адами қоғамдастықтардың ортақ табиғи-тарихи ортада қалыптасуымен де, мәдени сабақтастық нышандарымен де тікелей байланысты болады. Мысалы, еуразиялық Ұлы Даланы қоныстанған көшпелі халықтар ұрпақтарының ділінде көптеген ортақ белгілер бар.

- Діл — әлем картинасын жасайтын және мәдени дәстүр немесе қауымдастықтың бірлігін нығайтатын жалпы рухани көңіл-күй, наным иланым, рух дағдысы, ойдың біртұтас жиынтығы. Менталитет жеке және ұжымдық сананың өзіндік ерекшелігі бар деңгейлерін сипаттайды; бұл орайда менталитет — өзгеше ойлау типі. Менталитет — табиғат және әлеуметтік жағдайлар салдарынан туындайтын және адамның өмір әлемі туралы ұғым-танымын ашатын жалпылық менталитет терминін жанның негізгі орталық метафизикалық мәнін құндылықтар мен ақиқаттың түпдерек ретінде қарастыра отырып, американ философы Р. Эмерсан (1856) енгізді. Менталитет қоғамның мәдениеті, рухани өмірі бейнеленгенде белгілі бір дәуірдің философиялық, діни, саяси, эстетикалық теорияларында көрінетін метаұғым болып табылады.

- Ділдің қалыптасуы қоғамда бағаланатын құндылықтарға, идеалдарға, мәдениет деңгейіне, әлеуметтік құрылым мен адамның өмір сүрген ортасына, әкімшілік, идеологиялық және экономикалық шараларға байланысты. Тиісінше, туынды сана және санасыздық ретінде адамның өзі ділді қалыптастырады.
- Ал қоғам өз еркімен, саналы түрде ұстанатын идеалдарды, құндылықтарды өзгерте алады, мәдениетке де сапалы жаңалықтар енгізе отырып, оны бұрын болмаған деңгейге көтереді. Әлеуметтік құрылымды да өзгертеді. Сонымен, діл адамдардың санасымен, дүниені қабылдауымен, сезімімен, құлшынысымен, зауқымен де байланысты. Бұдан ділді өзгертуге және қайта тәрбиелеуге болатыны көрінеді. Ол үшін бағытталған идеологиялық шаралар жүргізу керек.

- Кезінде коммунистік идеология Сталиннің жеке басына табыну бағытын ұстанғанда, бүкіл кеңес халқы оны қабылдап, "халықтардың әкесі" өлгенде өз әкелері өлгендей, еңірегінде етегін толтырды. Тоқырау жылдары деп аталатын кезеңде келешекте "ұлттардың қосылып кетуі", "тілдердің жойылатыны" туралы "қағидаларды" күн құрғатпай қақсаудың салдарынан түрлі ұлт өкілдері, солардың ішінде қазақтар да, келешегінен түңіліп, ұлттық нигилизм психологиясына бой алдырды.
- Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша біздің елімізде цензураға тыйым салынады. Әркімге өз пікірін ашық айту мүмкіндігі берілген. Тәуелсіз БАҚ-тың ұстанатын тұрғылары әр түрлі. Бұл жағдай кез келген азаматтың өз ойына келген пікірін көпшілікке жеткізе алуына мүмкіндік береді.

- Бұрын қазақтың ұлттық санасында болмаған, отарлық және тоталитарлық режимдер кезінде жұқтырылған, түрлі идеологиялық және шаруашылық шаралардың салдары болып табылатын әлеуметтік-психологиялық кешендерге идеологиялық факторлардың әсерінен болған солақайлық кешені (жалақорлық, күдікшілдік); отарлық тәуелділікте болған халықтарға тән арызқойлық, күншілдік, жағымпаздық, өзгеге жүгінгіштік, жуастық, масылдық, құлдық бағыныштылық, құлдықтың ерекше түрі мәңгүрттік, т.б.

- Қазақ халқының өзіне тән-ұлттық ділінің ерекшеліктері: мінез-құлқы, намысты қолдан бермеушілігі, рухты биік ұстауы, батырлығы, сабырлылығы, ақкөңілділігі мен аңғалдығы, бауырмалдағы, көпшілдігі мен қонақжайлылығы т.б. Қазақ халқының ділі-оның әдет-ғұрпында, ойын сауықтары, ырымдары мен тыйымдары, түс жоруы, жыл қайыруы мен мал бағудан туындаған астраномиялық көз-қарастары т.б. Қазақ халқының көшпелі тұрмыс өміріндегі қолөнері және оның тәрбиелік мәні құрақ құрау, текемет, киіз басу, сәнді тоқыма тоқу, кесте тігу, ою, өрнек өнеріндегі бейнелері.

- Төменде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне біршама қанық атақты шетелдіктердің біздің халқымызға берген бағасы:
- **Марко Поло, италян саяхатшысы:** ...Олар (қазақтар немесе көшпелілер) бие сүтін ақ шарап тәрізді ішеді, кемиус деп атайды, өте дәмді. Қарулары садақ, семсер және шоқпар. Садақ атудың нағыз шебері... Қажет болса айшылық жолға ешқандай азықсыз шығады ...Қажет болса қару-жарағымен түнді ат үстінде өткізуге бар. Қиындық пен мұқтаждыққа кімнен де болса төзімді. «Книга Марко Поло о разнообразии мира, записана пизанцем Рустикано в 1298 о р.х»
- **Иоган Шильтбергер, көне бавар жауынгері:** Ұлы Татарияда (қазақ даласы) болдым. Олар нан жеп, шарап ішпейді, оның есесіне бие мен түйе сүтін ішеді. Кең жайылымда өздерінің бар байлығын артып алып, қатын-бала, мал-мүлкімен көшіп-қонып жүреді. Олар өз хандарын ақ кигізге отырғызып, үш рет жоғары көтереді. Жорық кезіндегі азапты тауқыметке сондай көнбіс. «О великой Татарии»

- **Петр Паллас, саяхатшы неміс ғалымы:** Қазақтар қан төгуге құштар емес, біреуді өлтіргеннен гөрі тұтқынға алғанды тәуір көреді. Адал қызмет еткен құлға қайырымды... «Путешествие по разным провинциям Российского государства» 1773 – 1778гг.
- **Генрих Клапрот, қытайтанушы ғалым:** 1806 жылдың күзі мен жазында Ертістің жоғары ағысын бойлап, төменгі Зайсан нұр көліне дейін барған саяхат кезінде күн сайын қазақтарды кезіктірдім. Аздап түркі тілін білетіндігім Орта жүз қазақтарымен сөйлесуіме септігін тигізді. Кейінірек басқа екі жүздің қазақтарымен кездескенімде олардың диалектісіз, бір тілде сөйлейтіндеріне көзім жетті. Қазақ тілі олардың түркі халқы екенін дәлелдейді. «1825 жыл Париждегі «Азия» журналына француз тілінде жарияланған мақаласынан»

- **Григорий Потанин, орыс ғалымы:** Қазақтар – еті тірі, дені салауатты, өмірге іңкәр халық. Олар сауық-сайранды жаны сүйеді, ашық түсті киім-кешекті, өмірінде мереке, той-думандарды ұнатады. Өртістік өнер мен сәнді жасану жарыстары қазақтардың бойына атаққұмарлық нышанын дарытуы да ықтимал, мұның өзі оларды француздарға ұқсататын секілді. Афиндықтар тәрізді қазақтар жаңалықты әдеттен тыс ұнатады. Мейлі дала құнарының аңқасы кеуіп қалса да, мейлі табиғат шөлейтке төнген қатерге қарсы күресте дәрменсіз болса да, қазақ өмірі үшін халықтың рухани қан-тамырында күш-жігердің көл-көсір қайнар көзі бар, тек қазақтардың өздері осы қайнардан теріс айналмаса болғаны. «В юрте последнего киргизского царевича»

- **Юджин Скайлер, американдық дипломат, ғалым:** Қырғыздар (қазақтар) басқа азияттық халықтарға карағанда бейне бір бала мінезділігімен ерекшеленеді. Олармен өте жақын танысқаннан кейін қырғыздарды (қазақтарды) құрметтемеуге, жақсы көрмеуге ешқандай шараң қалмайды. Орта Азияда тұрған барлық адамдар – қырғыздар (қазақтар) басқа тайпалардан жоғары тұр деген пікір айтады.
- **Д.У.Уарделл, ағылшын инженері:** Қазақтар – ер жүрек, еркіндікті сүйетін халық. Олар өзге көшпенділер сияқты елгезектеу. Достарына ақ көңілде, қонақжай, жолаушыға қайырымды, алайда, жауларына аяусыз. Оларға табиғат шешендік пен әзіл-мысқыл сезімін молынан сыйлаған. Балаларын шексіз сүйеді. Ұлға үлкенді құрметтеу, әкеге әкелік борышын сезіне білу қасиеті тән. 1914 жыл.

- **Элизе Реклю, француз географы:** Бүкіл европалық Ресейдің көлеміндей жерді Еділ жағалауынан Тарым алқабына дейін, Амударияның аяғынан Ертіске дейінгі өңірді алып жатқан қазақ ұлтын бөгде әсерлерге ұшырамаған ең таза түрік нәсіліне жатқызуға болады. Олар жақыннан қыз алыспайтын экзогамистерге жатады. «Земля и люди. Азиатская Россия»
- **Э.С.Вульорсон:** Қазақ сияқты ән мен жырды қастерлейтін халықты табу қиын. Кең жазирада жүйкіп жүретін бұл халық бір ауылға келгенін әнмен білдіреді. Қуаныш-қайғысының бәрі әнмен өріледі. Әншілерін өте жоғары бағалайды. Ерлерден әйелдер де қалыспайды. «Киргизы» М., 1901.

- **Алексей Левшин, орыс ғалымы:** Табиғатпен етене болып, қарапайым тамақ ішіп, таза ауамен тыныстап, жайбарақат өскен қазақтардың денсаулығы мықты болып келеді. Олар күшті, қуатты, ыстық-суыққа төзімді келеді. Жазықта тұрып он шақырым жердегі затты айырып көре береді. Бала күннен ат құлағында ойнау – күнделікті гимнастикасы. Әйелдер кейде бұл тұрғыдан еркектерден асып түсіп жатады. Көп сөйлей бермейтін, тұйық мінезді, жеке дара ойланып отырғанды жақсы көреді. Деспотизмді көп көрмеген қазақтар басқа Азия халықтарына қарағанда аңғал, ақ көңіл, сенгіш. Қайырымдылық, адамды аяушылық, ақсақалдарға құрмет көрсету – олардың асыл қасиеті. «Описание киргиз – казачьих, или киргиз – кайсацких, орд и степей»

- **Николай Зеленд, ресейлік дәрігер:** Қазақ – қызу қанды халық. Оның рухында жайсаңдық, ізгілік тән, ұдайы жайдары жүреді. Сергек әрі еліктегіш келеді. Жүйкесі көмбіс, ашуланбайды. Бар ниетімен ақкөңіл, адал, басқаның қайғы-қасіретіне ортақтасқыш, қонақжай, салауатты және төзімді. Олардың бойында қатыгездік пен кекшілдік жоқ. Ұрыста немесе шабуыл кезінде ажалмен бепте-бет келсе ешқандай абыржымайды. Мейілінше тату-тәтті өмір сүруді қалайды. Әйелдері иманжүзді, ақылды. «Киргизы» Омск, 1885.
- **Василий Радлов, түрколог ғалым:** Басқаларға қарағанда қазақтар арасында шешендік өнері ерекше дамыған. Әрі сөзі ойнақы, әуезді, ырғақты. Тілі өлеңнің өрнегі іспеттес. Бейнелі сөз төркіні айқын да дәлме-дәл мағына береді. Қазақтарды Батыс Азияның орман-күздары деп атауға толық негіз бар. Қазақ – нағыз шабандоз халық. Кең-байтақ өлке де өмір сүрген олардың тілі тұтас бірлікте. Каспий теңізі мен қара Ертіс қазақтары тілінде диалектілік айырмашылық аңғарылмайды. «Сибирские древности»

- **Адо́льф Янушкевич, поляк зерттеушісі:** ...Қазақтың ойлау қабілетінің кереметтігіне барған сайын көзім жетті. Әр қазақ өз шаруасын жете түсіндіреді. Тіпті балаларының ақылы ерте толысады. ...Бірнеше күн бұрын өзара дауласқан екі партияның қақтығысына куә болдым. Сонда Демосфон мен Цицерон туралы өмірі естімеген шешендерге таң қалып, қол соққанмын. Сонда бұлар тағы, жабайы болғаны ма? Жо-жоқ! Имандай сырым! Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес. «Дневник и письмо из путешествия по казахским степям»
- **Николай Ядринцев, орыс ғалымы:** Қазақ халқы – ақынжанды халық. Бақташы халық. Өздерін ең әуенді халық санайды. Олар батырлар жыры бір замандарда жер үстінде әуендеген деседі, сол төменде шалқыған жердегі халық та мейлінше әуенді халық дейді, олар өздерін басқа халықтардан гөрі жыр-өлеңге жақынырақ тұрған халықтар санатына қосады. «Сибирские инородцы, их быт и современное состояние»

- **Каруц Рихард, неміс этнографы:**
...Маңғышлақ – балалардың нағыз жұмағы. Бұл ұлан далада шүпірлеген қазақ баласы құрбы-құрдас, ойнайтын жер, ата-ана мейірімінен кенде емес. Мұнда «бала дәуірі» үшін әлек болудың қажеті жоқ, мұнда мыңдаған жылдардан бері баланың өзі би, өзі қожа. Бала есейе келе көшпелі тұрмыстың қатаң шындығы оған өз талабын қоя бастайды. Ол ертеңгісін тезек теріп, кішкентай баланы көтеріп, ойнату, құдықтан су тасып, мал суғару, қой сауу, т.б. жұмыстарға көмектеседі. Ол атқа мінуге ерте үйренеді. «Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке»

- **Николай Рычков, орыс барлаушысы:** Барлық үш жүз қазақтың жері Алтай тауларынан бастап, Каспий теңізіне дейін жалғасады. Жауларына қарсы жорыққа шыққанда әрбір қазақ үш-төрт атпен аттанады. Олар күніне 60-80 шақырым жолды еш қиындықсыз басып өтеді. «Жорық жазбалары» 1771 ЖЫЛ
- **Камел Карпат, АҚШ Висконсин университетінің профессоры:** Қазақты ұлт ретінде сақтау – түрікіт сақтау деген сөз. Өйткені, ең таза түрік – қазақтар. Қазақ тілі – ең таза түркі тілі. Түркі тегінің тамыры да осында. Түркиядағы мұсылманшылық – Иасауи уағыздаған мұсылманшылық. Мен американдық түрікпін. Жүрегімнің бір түкпірінде қазақ тұр...

- **3.Қазақ халқының толеранттылығы.**
- «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде мемлекет құра отырып» деп басталатын басты құжатта Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуінің берік негізі салынды. «Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» құру - Елдік мұраттың басты бағыттары болып бекітілді. Конституцияда этностық азшылық құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық өлшемдерге жауап беретін қоғамдық келісім мен этносаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісінің құқықтық негізі қаланды. Осының негізінде, Қазақстанның мемлекеттік ұлттық саясаты қоғамдық келісім конституциялық қағидасына негізделі отырып, жалпы адамзаттық тұжырымдарға сәйкес халықтың біртұтастығын қалыптастыруға бағытталды.

- Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларды қудаламауының белгісі. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз.

- Қазақстан – Орталық Азияда ұлтаралық татулықты сақтап, алауыздыққа жол бермеген жалғыз ел. Бүгінде кең-байтақ қазақ жерінде 11 тілде жастарға тәлім беретін мектептер жұмыс істейді. Біздің билік мұндай білім ошақтарының барлық шығындарын көтеріп отырғаны белгілі. Осыдан-ақ еліміздегі өзге ұлт өкілдеріне қандай жағдай жасалғанын бағамдай беруге болады. Сондай-ақ, мұндай мектептер өзге ұлт өкілдері жастарының қазақ тілін оқып-үйренуіне негіз болып отырғанын тілге тиек ете кетуіміз керек. Бұдан басқа ел аумағында 13 тілде түрлі радиохабарлар тарайтыны белгілі. Бұны үлкен жетістік деп айтуымызға қақымыз бар.

- Алдағы уақытта толеранттылық біздің халқымыздың күнделікті өмірінің дағдысына, дәстүріне айналуы керек. Сондай-ақ, біздер толерантты қоғам арқылы ұлттық болмысымызды жойып алмауға баса мән берген жөн. Қайта керісінше толерантты қоғамды пайдаланып тілдік, ұлттық басымдылыққа жетудің жолдарын қарастырғанымыз абзал. Мәселен, Қазақстан халқы ассамблеясы 2008 жылы Алматы қаласындағы «Достық үйі» жанынан «Лингва» тілдерді оқыту орталығын ашуды қолға алған болатын. Осы орталықта соңғы жылдары 150-ден аса мемлекеттік тілді үйренуші әртүрлі этнос өкілдері және 50-ден аса орыс тілін үйренуші шеттен келген қандастарымыз бітіріп шықты. Үстіміздегі жылы Астана қаласында «Тілдарын» тілдерді оқыту технологияларының әдістемелік орталығы ашылды. Мұның бәрі мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған нақты істер. Сонымен қатар әр этномәдени бірлестіктің осы бағытқа арналған арнайы бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Төмендегі терминдерге анықтама бер:

- **Полиэтникалық** —
- Диаспора** —
- Консолидация** —
- Урбанизация** —
- Интеграция** —
- Демография** —
- Дифференциация**—
- Реформа** —
- Эмиграция** —
- Миграция** —
- Эвакуация** —
- Империя** —

Семинар 9.

1. Кеңес кезеңіндегі репрессияланған халықтардың депортациясы және миграциялық процестер.

2. Индустриаландыру, ҰОС және тың игеру жылдарындағы Қазақстан халқы.

3. 70-90 жылдардағы этникалық өзгерістер.

Семинар 10.

1. Қазақ халқының өміріндегі дәстүрлер мен салттар.
2. Қазақ халқының толеранттылығы.
3. Қазақтардың басқа халықтармен өзара байланысы.